

ІСКЕРИ СТИЛЬДІН ДОМИНАНТ БЕЛГЛЕРІ

Сөйлеу түрлерін жіктеуде түрлі факторлар ескерілуі тиіс. Ол сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерін, диалогтық және монологтық сөйлеуді, сөйлеудің функционалдық стильдерін, оның функционалдық-мағыналық (коммуникативті) түрлерін айқындауға мүмкіндік береді. Стильдер – лексикалық сипаты, тұлғалардың сөз тіркесі, сөйлемдердің сәйкес келуі белгілі бір тілдік параметрлерде көрінеді. Сондықтан белгілі бір сөздердің көп не аз қолданылуы – сандық көрсеткіш қана емес, сонымен қатар сапалық та көрсеткіш, себебі сападан тыс сан болмайды. Мәселен, іскери стильдің сөз қолданысындағы ерекшелікке келер болсақ, зат есім мен сын есімдердің басымдық танытатынын байқауға болады. Сондай-ақ ол мәтіннің формалды-логикалық семантикалық құрылымын, талап ету (жүктеу, міндеттеу) қызметін, жазба іскери сөздің жаксыз сипатымен ерекшеленеді әрі мұнда нактылық, дәлдік талап етіледі, сол себепті басқаша түсінуге, бұрмалауға жол берілмейді [1].

Е. А. Земская сөйлеу тілі мен қалыптанған әдеби тілдің аракатынасы туралы былай дейді: «Изучение разговорной речи показало, что русский литературный язык существует в двух разновидностях: книжный кодифицированный литературный язык (КЛЯ) и разговорный язык (РЯ). Различия между КЛЯ и РЯ столь существенны, что есть основания для их рассмотрения как самостоятельных языковых систем», – дейді [2]. Ғалым бейресмилік, сөйлеушінің алдын ала дайындалмауы және коммуникацияға сөйлеушінің тікелей араласуын сөйлеу тілінің негізгі экстралингвистикалық факторы ретінде көрсетеді [2, 124]. О. А. Лаптева концепциясы бойынша тілдің типін сөйлеу формасы аныктайды.

Ғалым ауызша берілу сөйлеудің сапасын (ауызша ғылыми тіл, ауызша публицистикалық тіл т.б.) анықтайтынын айта келіп, әдеби тілдің ауызша түрін атайды да онын негізгі белгілері ретінде шұғылдық (спонтанность), қалыптанбағандықты (қалыпқа түспегендік) атайды. Ғалым сөйлеу формасы тілдік континуумды өзара қарама-қарсы функционалды тілдік салаға бөлетін негізгі белгі ретінде көрсетіп, кітаби-жазба стильдің негізі – қалыптанған әдеби тіл екенін көрсетіп, функционалды стильдің ауызша түрі болмайтынын ескертеді де тілдік континуумды ауызша сөйлеу және оған қарама-қарсы қойылатын арнайы жазбаша тілге жіктейді.

О. А. Лаптев, Б. М. Гаспаров, К. А. Долинин сияқты ғалымдар ауызша публицистикалық тіл ауызша тілден өрбіген деген тұжырымды ұстанып: «Устная публичная речь по характеру осуществления и по охвату освещаемых тем и их трактовке ближе, чем разговорная, к книжно-письменной разновидности литературного языка и может в принципе иметь соответствующий устному выступлению письменный текст. Однако она не перестает при этом быть устной со всеми особенностями», – дейді [3, 152].

Е. А. Земская дискреттілік мәтіндердің қалыптанған негізін бұзбайтынын айта келіп, «Устная публичная речь строится по законам КЛЯ. Различия между письменной речью и УПР незначительны и могут быть сняты путем редактирования», – дейді [2].

Саратов мектебінің концепциясы бойынша, стильдік саралану функционалдық стильдің табигаты туралы барлық пікірлерді ескере отырып, кешенді жүргізілген. О. Б. Сиротинина экстралингвистикалық факторлардың жүйелілігін басшы-

лыққа ала отырып: «Совокупное действия всех этих факторов формирует стилевую доминанту, вокруг которой и на основе которой происходит системная организация всех параметров стиля, его специфических и наиболее вероятных свойств», – дейді [4].

Тілдік бірліктерді тандау принципі мен мәтінді үйімдастыру принциптерін стильдік доминант анықтайды. Осылайша ресми-іскери стильдің доминанты – денотативті нақтылық болып табылады, яғни мұнда мәтіннің семантикалық жақтан үйімдасуы басқаша түсінуге жол бермейді. Осылайша байланысты ресми-іскери стильде тірек стильдік лексика, есімдердің көп кездесуі, нақтылық пен қалыптылық басымдық танытады. Ғылыми стилде де, ресми-іскери стилде де жазбаша форма басым. Іскери стиль жазбаша тілге негізделетіндіктен, мәтіндер канондалып, оған ерекше статус (құқықтық, ғылыми) беріліп, акпаратты тіркеуге бағытталады. Ауызша іскери және ғылыми сөйлеудің баяндама, реңоме, хабарлама сияқты үлгілері жазба тілге негізделген. Онда жазбаша стилге тән барлық негізгі белгілер сакталғанымен, сөздің түсіп қалуы толымсыз сөйлемдер, паразит сөздер, қыстырмалар, сөйлемнің кілт бұзылуы, бір ойдан келесі ойға кілт ауысу т.с.с. сөйлеу тіліне тән тілдік белгілер де болуы мүмкін. Фонетикалық құрамы мен синтаксистік жіктелуінің айқын болмауы, лексиканың диффуздығы, дейтикалық лексиканың көптігі (басымдығы), интонациялық құрамдарының көп қолданылуы, ым, ишарат – олардың бәрі де сөйлеу тілінің басты ерекшеліктері өрі оның доминанты (белгісі) болып табылады. Осылайша, белгілерді (доминант) функционалды стильдің тілдік жүйелілігін айқындайтын негізгі стиль жасаушы ерекшелік ретінде түсіну (тану) тілдің функционалдық түрлерінің тілдік жүйелілік ерекшеліктерімен қатар паралингвистикалық факторларды да ескеруге мүмкіндік беретін функционалды стильдер жүйесі туралы ілімді қалыптастыруды.

Е.Н. Ширяев түрлі функционалдық стильдерде синтаксистік белгілерінің қолданылу сипатына қарай тілдің «қатаң» (строгие) және «босан» (нестрогие) салаларын анықтайды: «В строгую сферу языка включается научный и официально-деловой стили. В нестрогую сферу входят разговорная речь, публицистический стиль и язык художественной литературы. Выделение строгих и нестрогих языковых сфер коррелирует с дифференциацией стандартных и нестандартных синтаксических характеристик», – дейді [5].

Ғылыми монолог, митингідегі сөз, радио-теледидардағы сөйлеудің бәрін де ауызша тілге жаткыза беруге болмайды. Осылайша байланысты «Функциональное дифференциация литературной устной речи» атты енбекте: «Устная речь не является функционально единой. В ней явно выделяется разговорная речь с основной функцией повседневно-обычного общения, профессиональной диалог, отличающийся ярко выраженной профессиональной направленностью (в отличие от РР он тематически профессионально ограничен), и монологическая речь (коллективная и публичная), резко отличная от первых двух (основная функция – сообщение) и, в свою очередь, членящаяся на публицистическую с информационно-воздействующей функцией; художественную с основной функцией эстетического воздействия и научную с основной функцией фиксации и передачи результатов познания мира», – делінген [6]. Ауызша тіл түрлі позиция түрғысынан түрліше жіктеледі. Мәселен, типологиялық белгі ретінде О.А. Лаптева тақырып пен шұғылдылықты (спонтанность) көрсетсе, Е.А. Земская ресмилік/бейресмилік, дайындығы болу/дайындығы болмау, жақын/кашықтықты; О.Б. Сиротина жақын /кашықтық, жактылық /жаксыздықты, қарым-қатынас саласын; Г.Г. Винокур тақырып, мақсат, қарым-қатынас жағдаятын көрсетеді.

Арнаулы диалогтық сөйлеуде кітаби-жазба тіл мен сөйлеу тілінің белгілері (доминат) көп қолданылмайтындықтан, ауызша тілді жіктеуде бұл көп қындық тудырады: ресмилік сөйлеу тілі доминатының өсерін азайтса, дискурстық сипаты мен шұғылдық (спонтанность) іскери және ғылыми стилдерінің доминаттарының күшін жояды. Көшілік алдындағы ауызша сөйлеу негізінен өзінің стильдік табиғатын сактайтын (іскери стилден басқа).

Іскери тіл түрлі жанрлардың жиынтығынан құралған. Ол қарым-қатынас саласы бойынша да: соттық, занды, дипломаттық, бүйрық беру, өндірістік-шаруашылық, өнеркәсіптік-техникалық болып жіктеледі. Қысқа ауызша бүйрык-жарлықтан көлемді баяндама, есептер, шағын іскери өнгімегегі сөздерден үзак уақытқа созылған мәжілістер мен келіссөздер т.б. Мұның барлығы да ауызша іскери тіл үлгілеріне жатады. «Устная официальная речь в разных ситуациях» атты кандидаттық диссертациясында Н.В. Шевченко: «В целом все рассмотренные виды устной монологической речи юристов ориентированы на КЛЯ. Они потребуют существенной правки и

редактирования, но это будет именно правка, а не перевод и объединить их РР в одной устно-разговорной разновидности нельзя, поскольку их построения составляет КЛЯ», – дейді [7].

Қалыптанған әдеби тіл нормасына кітаби жазбаша стиль мен көпшілік алдындағы ауызша сөйлеу тілі жатқызылады. Қебінесе кітаби жазба тіл көпшілік алдында ауызша сөйлеу арқылы жүзеге асады. Яғни көпшілік алдында ауызша сөйлеу көп ретте кітаби жазба тілдің ауызша түрі болып саналады. Сөйлеу тілінің нормаларына сөйлеу тілі дискурсы мен арнайы диалогтік сөз жатқызылады. Оның өзі күнделікті-іскери, бейресми-іскери тіл сиякты ауыспалы бөліктерден құралады. Стильдер арасында айқын шегара болмауына байланысты бір стильге тән элементтер екіншіде қайталанып, белгілері ауысып отырады. Құқықтық, өкімшілік-шаруашылық қатынастарда – акпараттың накты, дәл берілуіне, мәтіннің дұрыс ұғынуулына ерекше мән беріледі. Шашыранды, шұбаланкы зандардың “тағдыры ұзакқа бармайды”. Тіпті занға енгізілген толықтырулар мен ескертулердің өзі де дәл де накты турде жазбаша беріледі. Ресми-іскери стильге қойылатын негізгі талап – ойдың накты да дәл берілуі, екінші, түсінкіс з элементтерге жол бермеуі. Ал ауызша сөзде ресми-іскери стильтің бұл ерекшелік сакталмай қалуы да мүмкін. Оның басты себебі – оның қебінесе тосыннан құрылуван, мәтінді толықтыратын, реттейтін паралингвистикалық ерекшеліктердің болуымен түсіндірліді: «Устный текст в значительной степени спонтанен, обладает паралингвистическими характеристиками, регулирующими и восполняющими текстовыми значениями» [8].

Нактылықтың өзі екі түрлі: бірі – реестр, прейскурант, хаттамалық нактылығы, екіншісі – шарт, зан актісінің, сот үкімінің нактылығы. Факт нактылығы – мәліметтердің дұрыстығын, дәлдігін талап етсе, коммуникативтік нактылық ойдың дұрыс берілуін қажет етеді. Факт нактылығы үшін сөздерді дұрыс қолдану керек болса, коммуникативті нактылық мәтіннің синтаксистік құрылымы мен логикалық-ұғымдық нықтылығын талап етеді. Әрине, дайындықсыз сөйлеу тілі бұл талаптарды өтей алмайды. Ресми-іскери құжаттардың тілі – клише, штамп, стандарттардың жиынтығы екенін еске алсак, өзінің қалыптаса бастаған кезінен бастап іскери стильтің бүгінгі таңда біршама жетілгенін, әрі онда тұрақтанған қалып, үлгінің қебіе түскенін байқауға болады. Қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси өмірдің талаптары, техникалық прогресс

бірнеше нұсқаның ішінен біреуінің тұрактанып қалуын талап етеді. Тұрақтанған үлгілердің, қысқартулардың мол болуы, материалдың белгілі бір тәртіппен орналасуы, құжаттың белгілі бір қалып, үлгі бойынша толтырылуы, акпаратты ықшам да дәл бере отырып, белгілі бір тілдік құралдарды бекіте түседі. Мәтіннің тұракты қалыптарға иек артуы мәтінді қатаң үлгіге салып, сөйлемнің әр мүшесін басқа мүшесіне төуелді, мағыналық жағынан байланысты етіп, мәтіннің тұтастығын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты мәтінді басқаша түсінуге жол берілмейді. Іскери тілдің жетіле түсінін нәтижесінде трафарет, анкета, таблица сиякты ерекше мәтіндер пайда болады.

Тұракты қалып, үлгілер тілдің барлық деңгейінде – лексикада, морфология, синтаксис саласында көрініс тауып, ресми-іскери стильтің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Баяндау, хабарлау, пайымдау сиякты мәтіннің үлгілері де іскери стильтің дәлел – мәлімдемелік (констатирует), әрі алдын ала тіркеуші (предписывающе-констатирующий) сипат алады. Осыған байланысты іскери стиль интонациясы біркелкі, лексикасы жұтанды, әрі сөздер жиі қайталанады. Ресми-іскери стиль ерекшеліктері доминанттар мен іскери мәтіндерге құқықтық (занды), әлеуметтік-реттеуші мән үстейтін міндеттеу қызметіне байланысты. Ғылым мен техникиның дамуы іскери стильтің жетіле түсініне өсер етіп отыр, соның нәтижесінде, бір жағынан, құжаттар тұракты қалыпка, үлгіге қебірек негізделсе, екінші жағынан, мәтіннің қыска да нұсқа болуына, іскери хаттар мен хабарламалардың көнерген кенсе үлгілерінен арылуына жол ашуда. Жазбаша іскери қатынаста қебінесе келісімдер мен арнаулы құжаттардың трафарет мәтіні түрінде келеді, ондағы сауаттылық пен дәлдік деңгейі тілдің стандартталу деңгейіне байланысты. Жазбаша іскери тіл ауызша тілден барлық параметрлері бойынша ерекшеленеді. Жазбаша іскери тілдің лексикасы терминдену деңгейінің жоғары болуымен, лексика семантикасының абстракциясымен, біртектілігімен ерекшеленеді. Ал ауызша іскери диалогты тіл лексикасы бейтарап, стилистикалық беймаркирлі лексикадан құралып, өзге стильтің элементтердің косуға бейім болады. Ауызша іскери диалогты тіл алдын ала дайындықсыз, спонтанды, біреуге бағытталған болып келеді: лексикалық мәні накты, жағдайт пен контексте байланысты, бағалауыш сөздерге бай, косалкы сөздер қөп кездеседі. Жазба тілмен байланысты болғандықтан, іскери стильтің процедуралық лексикасы мен атаулары, терминдері қолданылады. Алайда ауызша іскери

диалогты тілдін сублексикасында мұндай лексикалар аз болады. Іскери тілдің бұл екі түрінің грамматикалық ерекшеліктері де елеулі. Септік тұлғаның өзгерістері, олардың мағыналық ауытқуы, етістік шактарының грамматикалық мәні мен мағыналық ауытқулары – тілдің бір түрінен екіншісіне ауысада негізгі параметрінін, тілдік жүйенін құрылымындағы өзгерістерді көрсетеді. Ен негізгі морфологиялық белгісі – жазба іскери тілдің есім сөздерден құралатындығымен анықталады. Ауызша іскери диалогты тілде есімдіктер мен қосалқы лексиканың жи қолданылуы жағынан сөйлеу тіліне үқсас. Девербативтер, прономиналданған есімдіктер күжат тілінің негізгі морфологиялық ерекшелігі болып саналса, ауызша тілде ол жоқтың қасы. Ауызша және жазба іскери тілдердің ерекшелігі өсіресе синтаксистік құрылымынан – тіркестер мен предикативті бірліктерден айқын көрінеді. Ауызша тілде жай тіркестердің көп болуы, керісінше, құрделі, аралас құрылымдарының аз қолданылуы, қыстырма, модаль сөздерінің құрделендіруші ретінде қолданылуы, ал жазба тілде бірыңғай мүшелердің көп болуы – құрылымдық өзгерістерге әкеледі. Соның өсерінен мазмұн межесі мен тұрпат межесі сәйкес келмей, синтаксистік құрылымдары әр түрлі болады. Жағдаятқа сәйкес толымсыз тіркестер мен предикатив бірліктерінің ауызша іскери диалогты тілде ауызша ғылыми тілмен салыстырғанда өлдекайда жи қолданылады, бұл да ауызша іскери диалогты тілдің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Ауызша іскери тілде жазба тілмен салыстырғанда сөйлем өлдекайда қыска болады. Жазба іскери тілде орта есеппен 30 сөз қолданылса, ауызша іскери диалогты тілде 15 сөз қолданылады, сондай-ақ құрделендірушілер де жазба іскери тілде екі есе көп қолданылады. Ауызша іскери тіл синтаксистік жағынан сөйлеу тіліне өте жақын. Синтаксистік ерекшеліктерге: мазмұнның мейлінше ықшам берілуін, атаулардың екі құрамды болып келуін, эллипсис, парцеляция, кідіріс, үзіліс, қайталану, ППЕ құрамындағы жай предикативті бірліктердің интерференциясы предикативті бірліктер мен полипредикативті бірліктердің құрылымдарының араласа берілуі т.б. жатады. Осыған байланысты ауызша іскери диалогты тілдің мәтін құрылымында жүйелілік, тәртіп сакталмай, реплика көптеген факторларға байланысты болады. Жазба іскери тіл синтаксисінің басты белгісі – күжат тілінің тұрақтандырылуы (стандартталуы), мәтін бөліктерінің тұрақты орны т.б. келісімдер мен типтік хаттардың тұрақтануы сөз қолданыстан –

мәтін үйімдасуына дейінгі тілдік жүйенін барлық денгейлерін: құжат мәтініндегі өрбір фраза, өрбір сөздің өзіндік қызметі бар. Ал ауызша тілге мұндай сипат жат. Ауызша іскери диалогты тілдің мәтіндік үйімдасуында да өзіндік ерекшелік байқалады: құжат мәтінінің канондық сипатына қарамастан, ауызша іскери диалогты тілдің мәтін құрылымында өзіндік ерекшеліктер бар. Ондай ерекшеліктерге сөйлеудің спонтандығы, субъектілердің көп болуы жатады. Алайда спонтанды болғанымен, сөйлеуші диалогқа алдын ала дайындалуы да мүмкін. Ауызша іскери диалогты тілдің мәтіндік табиғатына келсек, мәтін-әнгімелер мақсатты болуымен, бір тақырыпқа арналуымен ерекшеленеді. Құрылымың ассоциативті түрде болуы, нақты тақырыптың болмауы, қатынастық айқын мақсаты болмауы жағынан ауызша іскери тіл сөйлеу тілінің дискурстарынан ерекшеленеді. Ауызша іскери диалогты тіл типологиялық жағынан сөйлеу тіліне үқсас болғанымен, мәтін түзу принципі бойынша одан елеулі айырмашылықтары бар. Осыған байланысты ауызша іскери тіл сөйлеу тілі мен ресми-іскери стильдің аралас түзілімі болып табылады. Негізінен аралық меже болғанымен, ауызша іскери диалогты тіл ауызша-іскери тіл деп атауға негіз болады.

Сонымен, ресми-іскери стильдің негізгі доминанты – дәлдік, денотативті нақтылық дегенмен, жазбаша және ауызша тілде оның өзіндік ерекшеліктері көп.

ӘДЕБИЕТ

- Головин Б.Н. Основы культуры речи. М., 1988. С.262.
- Земская Е.А., Ширяев Е.Н. Русская разговорная речь: итоги и перспективы исследования // Русистика сегодня. М., 1988. С.15.
- Лаптева О.А. Дискуссионные вопросы изучения устной литературной речи в аспекте теории нормы // Статус стилистики в современном языкоизании. Пермь, 1992. С.152.
- Функциональные стиль и формы речи. Саратов, 1992. С.5.
- Русский язык в его функционировании. Уровни языка. М., 1996. С.198.
- Сиротинина О.Б., Девяткина В.В., Паршина О.Н., Ягубова М.А. Функциональная дифференциация литературной устной речи // Статус стилистики в современном языкоизании. Пермь, 1992. С.142.
- Шевченко Н.В. Устная официальная речь в разных ситуациях (на материале речи юристов). Саратов, 1983.
- Сиротинина О. Б., Девяткина В. В., Паршина О. Н., Ягубова М. А. Функциональная дифференциация литературной, устной речи. Статус стилистики в современном языкоизании. Пермь, 1992.